

Жанаарқа кенті, «Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі(РО)»КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
Хаттамасы № 2

27.08.2024 жыл

Қатысқандар:

1. Г.К.Қорабаева – төрайымы
2. Ж.Абилкасымова-кеңес мүшесі
3. Б.Бөгенбаева – кеңес мүшесі
4. Н.Касенбекова – кеңес мүшесі
5. Ә.Омарбаева – кеңес мүшесі
6. Ш.Жарылғапова – кеңес мүшесі
7. С.Шайдарова – кеңес
- А.Х.Айтжанова – мектеп директорының м.а

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа мүшелерімен таныстыру. Мектеп директорының м.а А.Х.Айтжанова.

2. 2024-2025 жаңа оқу жылындағы МАД, 1-4, 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен ұйымдастырылған іс әрекет кестелері, қоңырау кестелерімен танысу және бекіту. Мектеп директорының м.а. А.Х.Айтжанова.

3. 2024 жылдың I жартыжылдық бойынша мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылармен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының м.а А.Х.Айтжанова есебі.

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының м.а А.Х.Айтжанова қамқоршылық кеңестің жаңа мүшесімен таныстырды, ол: С.Шайдарова – Жанаарқа ауданының экономика және қаржы бөлімінің бас маманы, 2 сынып оқушысының ата-анасы.

2. Мектеп директорының м.а А.Х.Айтжанова 2024-2025 жаңа оқу жылындағы МАД, 1-4, 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен ұйымдастырылған іс әрекет кестелері, қоңырау кестелердің құрастыру нұсқаулықтары мен заңнамаларымен таныстыра отырып, оқушылардың өмір және денсаулықтарын сақтау қағидаларына сәйкестігің дәлелдеп көрсетті.

3. Мектеп директорының м.а А.Х.Айтжанова баяндауы бойынша 2024 жылдың қаңтар айында «Қамқорлық қайырымдылық» республикалық акциясы өтті. **Акция мақсаты** – күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім – балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша (киімнің, аяқ киімнің, мектепке керек – жарақтарының) сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу болып табылады. 5 « г » сыныбының оқушысы көп балалы Қырықбай Диарға – спорттық аяқ – киім берілді. Себепсіз сабақты босатқан 6 « а » сыныбының оқушысы Тәңірберген Сезім , 9 « а » Әбікен Мөлдір ата – аналарын шақыртып түсіндірме жұмыстарын

жүргізілді, түсініктеме алынды. Үйіне барып рейд жасап әлеуметтік жағдайын бақылап ата – анасымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп қазіргі таңда біршама сабаққа қатысуы жақсартылды. Жалпы мектеп бойынша үш бағыттан тасымал жасалынады. Олар: темір жолдың арты, Жаңа Нұр, ДЭУ бағыттары бойынша. Темір жолдың артынан – 18 отбасынан 29 оқушы тасымалданады, Жаңа Нұрдан – 4 отбасынан 5 оқушы, ДЭУ – 7 отбасынан 12 оқушы тасымалданады. Жалпы мектеп бойынша үш бағыттан тасымал жасалынады. Олар: темір жолдың арты, Жаңа Нұр, ДЭУ бағыттары бойынша. Тасымал уақытылы жасалынады. Қараусыз, қадағалаусыз және басқа да мектепке келмей жүрген балалар анықталған жоқ.

Шешімі:

1. С.Шайдарова қамқоршылық кеңестің құрамына еңгізілсін.
2. 2024-2025 жаңа оқу жылындағы МАД, 1-4, 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен ұйымдастырылған іс әрекет кестелері, қоңырау кестелері бекітілсін.
3. 2024 жылдың I жартыжылдық бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылармен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының м.а А.Х.Айтжанова есебі қанағаттанарлық, көрсетілген қамқорлық бақылау, материалдық қолдау жұмыстары әділ, айқын деп танылсын.

1. Кеңес төрайымы: Қорабаева Г. *Г. Қорабаева*
2. Ж.Абилкасымова *Ж.Абилкасымова*
3. Б.Бөгенбаева *Б.Бөгенбаева*
4. Н.Касенбекова *Н.Касенбекова*
5. Ә.Омарбаева *Ә.Омарбаева*
6. Ш.Жарылғапова *Ш.Жарылғапова*
7. С.Шайдарова *С.Шайдарова*

Хатшы: Айтжанова А.Х. *Айтжанова А.Х.*